



Тасилова Назия Айтбайқызы

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
қауымдастырылған профессоры

Алтын Орда дәуіріндегі әдебиет пен ғылымның дамуы

Мақсаты:

Алтын Орда кезеңіндегі әдебиет пен ғылымның дамуын, рухани мәдениеттің өркендеу бағыттарын және түркі-араб-парсы мәдени ықпалының нәтижелерін талдау.



ДӘРІС ЖОСПАРЫ:

- Алтын Орда дәуіріндегі әдебиет пен жазба мәдениеттің ерекшеліктерін көрсету;
- Сол кезеңнің көрнекті ақындары мен ғалымдарының шығармашылығын таныстыру;
- Ғылым, білім және діни ойдың даму бағыттарына нықтау;
- Алтын Орда мәдениетінің түркі өркениетіне қосқан үлесін бағалау.



Исламның Алтын Орда аймағына енуі




XIII–XIV ғасырлар Алтын Орда тарихында саяси күшеюмен қатар рухани өрлеудің де кезеңі болды. Исламның мемлекеттік деңгейде орнығуы білім, әдебиет және өнердің дамуын тездетті.

Алтын Орда мәдениеті араб-парсы және түркі дәстүрлерінің синтезі ретінде қалыптасты.

Сарай, Сарайшық, Үкек, Хажы-Тархан сияқты қалаларда медреселер, кітапханалар, шығармашылық орталықтар ашылып, ғылыми орта қалыптасты.

Билеушілер мен ақсүйектер ғалымдар мен ақындарды сарайға жинап, демеушілік көрсетті. Бұл мәдени ортаның қалыптасуына үлкен серпін берді.



АЛТЫН ОРДА ДӘУІРІНДЕГІ ӘДЕБИЕТ

Негізгі шығармалар:

«Кодекс Куманикус» – латын-қыпшақ сөздігі, XIII–XIV ғғ. Еуропаның қыпшақ тіліне қызығушылығын көрсететін лексикографиялық еңбек.

Құтыптың «Хұсрау мен Шырын» поэмасы (1341) – Низами дәстүріндегі ғашықтық дастан, Алтын Ордадағы түркі көркем әдебиетінің шыңы.

Сайф Сарайдың «Гүлстан бит-түрки» (1391) – Сағдидің «Гүлстанының» түркі тіліндегі нұсқасы. Түркі жазба тілінің қалыптасуына тікелей ықпал еткен шығарма.

«Нәһдж әл-Фарадис» – діни-дидактикалық еңбек, мораль және этика мәселелерін түркі тілінде жеткізген алғашқы трактаттардың бірі.



Ғылым мен білімнің дамуы

Алтын Ордада ғылымның жаратылыстану, медицина, астрономия, математика, құқық және тарих салалары дамыды.

Медреселерде:

- Құран, хадис, фиқһ (ислам құқығы),
- логика,
- философия,
- геометрия

сияқты пәндер оқытылды.

Сарай мен Хорезм сияқты орталықтарда ғылыми мектептер пайда болды.

Бұл кезеңде жазылған медициналық, астрономиялық еңбектер кейін Орта Азияда да, Осман империясында да қолданылды.



Алтын Орда мәдениетінің маңызы



Алтын Орда дәуірінде дамыған әдебиет пен ғылым кейінгі түркі халықтарының – қазақ, татар, башқұрт, ноғай, өзбек – рухани мұрасының негізіне айналды.

Түркі тілдері біртіндеп ортақ әдеби тілге ұласты. Араб-парсы және түркі мәдениеттерінің тоғысуы нәтижесінде жаңа эстетикалық, философиялық, діни ой қалыптасты.